



030010, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы, 40  
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

030010, город Актөбе, пр. Абилқайыр хана, 40  
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

2020 жылғы 26.02 № \_\_\_\_\_

2020 жылғы 26 ақпанда  
облыстық мәслихаттың  
сессиясында жария етілген

Ақтөбе облысының әкімі  
О.С.Оразалинге

### Депутаттық сауал

*Құрметті Оңдасын Сейілұлы!*

«Өнер – өнеге арқылы тәрбиелеудің басты құралы» демекші, қай ел болмасын, мәдениет - ел дамуының басты бағытының бірі.

Ырғыз аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты аудандық «Арай мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 1972 жылы салынған. Соңғы рет 2000 жылдың басында күрделі жөндеуден өткен, мәдени ошақтың бүгінгі жағдайы көңіл көншітпейді. Ғимараттың шатыры жұқа, залы жылымайды, акустикасы талаптарға сай емес. 6554 тұрғыны бар аудан халқы үшін 210 көрермен орны да аздық етеді. Мәдениет үйінде қойылым қоюға мүмкіндік жоқ, өнерпаздардың киім ауыстыратын немесе биге арналған бөлмелері қарастырылмаған. Концерт сахнасының аумағы тар, күз, көктем, жаз айларында ғимарат шатырынан су тамшылайды. Пандусы да бүгінгі талапқа сай емес, мүмкіндігі шектеулі тұрғындар үшін мініп-түсу қиын, санитарлық торап, қол жуатын орын қарастырылмаған, әжетханасы көшенің арғы бетінде орналасқан.

Сонымен қатар, аудандық кітапхана жүйесі 1946 жылы салынған. Ғимарат өте ескі, жылуы нашар. Және де аудандық тарихи өлкетану музейі туралы да айтқым келеді. Музейдің ғимараты да өте шағын, экспозицияда орналасқан экспонаттарды қажетті деңгейде көрсету мүмкіндігі шектеулі. Акт залы болмағандықтан, көптеген жоспарлы шараларды өткізу мүмкін болмай тұр.

Сол секілді, аудандық архив мекемесі де өте ескі, құжаттар сақтайтын орны өте тар. Ғимарат архив қорын сақтауға лайықталмаған.

Оңдасын Сейілұлы, ырысты Ырғыз елінің тұрақты тұрғындарының атынан осы мекемелерді бір жерде жинақтап, заманауи үлгіге және қазіргі талапқа сай, қолайлы мәдениет және өнер орталығын салуға мүмкіндік жасауыңызды, бірінші кезекте, осы орталықтың жобалық–сметалық құжатына 19 млн. 32 000 (он тоғыз миллион отыз екі мың) теңге қаражат бөлінуіне ықпал етуіңізді сұраймын.

**Құрметпен,  
Облыстық  
мәслихаттың депутаты**



**Ж.Мұхамбетпаизова**